

Жаңа тағайындаулар



Арқалық қаласы әкімінің ауылшаруашылық жұмыстары жөніндегі орынбасары болып Д. Н. Хамзин тағайындалды.

Дархан Нұрланұлы 1985 жылы 27 желтоқсанда Қостанай облысының Арқалық қаласында дүниеге келген. Білімі жоғары. Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінен қаржы мамандығы бойынша біліктілік алған. Отан алдындағы әскери борышын өтеген.

Еңбек жолын «Арқалық қаласы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекемесі жергілікті бюджетті жоспарлау бөлімінің жетекші маманының міндетін атқарушы болып бастап, кейін аталған бөлімнің жетекші маманы, бас маманы, «Арқалық қаласы әкімдігінің қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, жергілікті бюджет анализі және орындауы секторының меңгерушісі, «Арқалық қаласы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшының міндетін атқарушы, басшысы болып қызмет жасаған.

